



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Халықаралық Валюта Қорының және Қытай Халық Банкінің конференциясына қатысты

2018 жылғы 12 сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Халықаралық Валюта Қорының Қытай Халық Банкімен бірлесіп «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасына арнап өткізген конференциясына қатысты.

Конференция барысында делегаттар халықаралық бастаманы табысты іске асыру үшін қажетті саяси-құқықтық негіздерді, экономикалық және қаржылық жағдайларды талқылады.

Конференцияға ХВҚ Басқарушы директоры К. Лагард, ХВҚ-ның, Дүниежүзілік Банктің, ИИАБ-нің, ЕҚДБ-нің, Халықаралық қаржы корпорациясының өңірлік өкілдері, бастамаға әріптес елдердің (Африкадан, Азиядан және Тынық мұхитынан, Таяу Шығыс пен Орталық Азиядан және Шығыс Еуропадан) саяси қайраткерлері, Қытай, Армения, Лаос, Эфиопия, Гвинея, Сербия, Шри-Ланка, Уругвай, Пәкістан, Қытай, Моңғолия, Кения мемлекеттік реттеуші-қадағалау құрылымдарының басшылары қатысты.



(Суретте Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышев Қытай Халық Банкінің Төрағасы Йи Гангпен)

«Макроқаржы саясаттың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы шеңберіндегі әлеуетті салдарлары» сессиясында сөйлеген сөзінде Данияр Ақышев шектеулі қаржы жүйелері жағдайларында микро- және макропруденциялық құралдардың ірі қаржы ағындарының ынталандырмайтын ықпалын жұмсартудағы рөліне қатысты реттеушінің ұстанымымен бөлісті.

Конференция шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышевтың Қытай Халық Банкінің Төрағасы Йи Гангпен кездесуі де болып өтті, оның барысында Д. Ақышев әріптесін Қытай Халық Банкінің Төрағасы лауазымына тағайындалуымен құттықтап, қаржы-банк саласындағы екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі іске асыру перспективаларын талқылады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz